



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

«ТУҒАН ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТИЗМГЕ
ТӘРБИЕЛЕУДІҢ РӨЛІ

Турдыбекова Улжан Жакынбековна

Uljan29.99@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі мамандығының 1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Төлеубекова Р. К.

«Отанды қастерлеу елдігіміздің тірегі. Біз отаншыл болуға жас ұрпақтың санасына отаншылдық берік орнатыруға тиіспіз. Біле-білсек, Отанды сүю-біздің парызымыз, қарыс қадам үшін жанын қиған бабалардың асыл аманатына адалдығымыз!»
Н.Ә. Назарбаев

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында орындалу керек міндеттердің ішіне «Туған жер» бағдарламасын ұсынды. Ал бағдарламаның мәні неде? Ел президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бұл бағдарламаның мәні деп **үш ерекшелікті** атап көрсетеді. «**Бірінші**, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді». «**Екінші**, басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек **«Үшінші**, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс». «Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет. Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек»- деп айқындап көрсетті.[1]. Елбасының бұл мақаласында қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан. Бұл – мақала ғана емес, мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып отыр. Мемлекет басшысы ХХІ ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақтың феноменін анықтап беріп отыр. Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының алты бағдарын ұсынған. Соның бірі туған жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық мәселе.

Туған елге деген сүйіспеншілікті жастардың бойына дарытудың алуан түрлі жолы бар, солардың бірі – еліміздің тарихи өлкелерін таныту, құнды жәдігерлерімізбен таныстыру. Қазақстанның жарқын болашағының іргетасын қалайтын жастар, өскелең ұрпақ екені белгілі, және сол ұрпақтың саналы, көзі ашық, өткені мен болашағын айқын танытын болуы абзал. Яғни, сол үшін жастардың бойында патриоттық сезімін ояту керек. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Құрметтеу. Қазақ совет энциклопедиясында “патриотизм” – дегеніміз (грек patriotes – отандас, patria – Отан, туған жер) отанға деген сүйіспеншілік. Бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастайды, – деп [2] көрсеткен.

Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының ұлы, жазушы “ "патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік. Жеке адамның аман саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын, өзінің мемлекетке тәуелді екенінді сезіну, мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау; қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды оны жеке адамның барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым- қатынасын біріктіреді”, – деп терең, жан-жақ-ты анықтама берген”[3]

Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу – бұл тұлғаның, елдің, оның мәдениетінің бірегейлігі, әлеуметтің, халықтың әлеуметтік психологиясының ерекшеліктері толымды көрініс табатын қоғамдық өмірді ұйымдастырудың мәні мен мақсаттарын пайымдау арқылы жүйелі дамуы. Патриотизм-тарихи құбылысты құндылық тұрғысынан сипаттайтын категория.

Патриотизм категориясы жалпыадамзаттық, ұрпақтық және ұлттық тәжірибе арқылы өмірлік мәнін тереңдетті, өмірлік құндылықтарға тәуелділігін арттырды. Од дегеніміз:

а) қоғамдық дамудың дәрежелерінен тәуелді, қоғамдық қоғамдық өмірдің негізгі жақтарының дауымен байланысты;

ә) адамның, әлеуметтік топтардың өз Отанына деген көзқарастарын, өсіп-өнген құндылықтарын білдіреді;

б) адамның өмір сүретін әлеуметтік саяси, мәдени ортасын айқындайды әрі сол ортадағы адамдардың әлеуметтік-этникалық, экономикалық, тілдік рухани-бірлестігінен туындайды.

Тарихи тұрғыдан қарастырсақ, патриотизм-жалпыадамзаттық құндылық, қоғамдық, құбылыс, ұлттық дәстүрдің дәнекері, тұлғалық, түсініктің тұғыры. Осы ортақ құндылық пен құбылысты әр заманның адамдары өзінше қабылдады. Оның төрт себебін ерекше атап өткен орынды. Олар: Отанға деген түсініктен, мемлекеттік мүддені жақтау қажетінен, қоғамдық қатынастың сұранысынан, азаматтық еркіндікті реттеу тәсілдерінен туындайды [4].

Патриотизм – отбасына, туып-өскен ортасына, топырағы мен табиғатына, еліне деген құрметтен бастау алады. Өз ұлтын, жерін сүйіп, оның мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын адам ғана шынайы патриот бола алады. Оны зорлықпен, нұсқаумен жүргізу мүмкін емес. Ел Президенті Н. Назарбаевтың: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн», – деуі патриотизмге баулудың жарқын үлгісі іспетті. Қазақстандық патриотизмнің анықтамасы да осынау парасатты ойдан бастау алатындай. Жалпы, патриотизмді ұлттың тілі, діні мен ділімен тығыз байланысып, астасып жатқан ұғым деп қарастырған дұрыс болар. Дәл бүгінгі шақта көтеріліп отырған маңызды мәселелер қатарында жастарды патриоттық сезімге баулып, өсіру өзекті саналады. Қазақстанның кез келген азаматын отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеудің орны бұрын да бөлекше болған, бүгін де маңызын жойған емес. Кез келген елдің дамуы саналы азаматтар қатарының көбеюімен де байланысты. Себебі болашақ – қазақ жастарының қолында. Ал осы жолда тайсалмай, елім үшін деп ерінбей еңбек ететін болсақ, өз үлесімізді қосарымыз анық. Келешекте ел тізгінін қолға алатын жастардың барынша білімді, жан-жақты, білікті болуы қаншалықты маңызды болса, олардың Отанына деген сүйіспеншілігінің мол болуы басты қажеттілік болса керек. Өйткені, елін, жерін сүймеген азамат Отанына адал қызмет ете алатыны күмән тудырады. Ұлтының патриоты болған адам ана тіліне бей-жай қарай алмайды. Ал өз тілінде де, өзге тілдерде де еркін сөйлейтін маман қай кезде де еліне пайда келтіре алатыны анық.

Қазіргі тәуелсіздік жағдайында патриоттыққа баулу – айырықша маңызға ие мәселелердің бірі болып отырғаны да сондықтан. Патриоттық сезім *тазалықтан, тұтастықтан, тұрақтылықтан, тұлғалықтан* нәр алады. Ол адамгершілікпен пен нағыз саяси ерік-жігердің бағамды туындысы. Патриоттың жүрегі толған ыстық сезім, серпіліске толы сенім. Ол өзін Отанынан, Отанын бөлек жара өарамайды. Ол орасан қиындықтарды, еңсерген елде күш алады, ықпалын арттырады. Патриот-ел өкілі, ұрпақ ұлағаттысы, өнеге мен өнердің тұтқасы әрі тірегі. [5].

«Патриотизм отбасынан басталады. Патриотизм дегеніміз ата-ананы құрметтей білу; өз ұлтыңды сүю, ана тіліңді ардақтау; өз халқыңның өткен жолына тіл тигізбеу; өз отаныңды жаудан қорғау, елт үшін жаныңды – қию. Сондықтан «отан үшін отқа түс-күймейсің».

Туысқанына, ел-жұртына ғашық болу да-патриотизм. Ғашыққа деген махаббатта, отандық махаббатқа ұласады. Ғашық болған жігіт-Отанын қорғай алады. Махаббат негізі-Отан». Отан-ең асыл құндылық. Оған деген сүйіспеншілік өтірік емес-шын, алдамшы емес адал, мың күндік емес-мәңгі болуы керек. Отан-отанда ыстық деген халқымыз туған жердің топырағыда, тауы мен даласыда қымбат, жанға жайлы екенін әрдайым еске салады. Еліміз бен ерлеріміздің көнеден жеткен көне тарихы мен абыз тілі түсінген жанға сырлы шежіре шертеді. Отаншылдық ыстық сезімі-елдік пен ерлікте, оның есею және өсу жолында шындалды. Патриотизмнің діттегені –Отан үшін біріктіру, оны қастерлеу мен ардаОтаншылдық сезім – адамға туа біткен қасиет емес. Ол адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, саяси -әлеуметтік құбылыс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады. Қтауға тәрбиелеу, өз халқының мүдде мақсатын қорғау болып табылады. Дәл осы орайда, М.Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңін айтуға болады

Бақытым бар үшінші – Отан деген,

Құдай деген кім десе, Отан дер ем! ...

Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?

Ойланбай – ақ кел дағы от ал менен.

Адамзат баласының асылы да, ардақтысы да, қысылғанда тірек сүйенері де, қуанғанда сүйсінері де туған жері – өз Отаны. Ертеде ақындардың ел – жұртын, өзінің туып – өскен жерін жырға қосуы, батырлардың туған ел топырағында өлсем деп арман етуі тегін емес. Біздің ата – баба қонысымыз, атамекеніміз – Қазақстан. Бүгінгі күндері менің Отаным бақыт құшында. Тек әр Қазақстандықтардың бойында «Отан» деп лүпілдеп соққан жүрек, «Отан» деп сыбанған білек болса арманымыз орындалады деп ойлаймын. Отаншылдың жүгінетіне де, жарасатыны да үш қағида-борыш, сауап, обал. [6]. Отаншыл бауырмашылдығымен озады. Оның серті-жақынды жараламау, алысты қараламау, адамды көрінісімен алаламау. Отаншыл-ынтымақты. Ынтымақты ел ыдырамайды, ынтымақшыл адам жалғыздыққа ұрынып жүрмейді. Ол бірлікке, сеніммен қарайды, бірлесу үшін серт береді. Қазақстандағы отаншылдық-қоғамның идеялық бірігуін нығайту, қазақ ұлтының мәртебесі мен мүддесін жоғарылату. Осы бағдарларды қатар жүргізгенде ғана отаншылдық сезімі тереңдей бермек, Отаншылдық ұлтжандылыққа зиянын келтірмейді. Этникалық топтардың өзіндік ерекшелігін қазақ-ұлтының тыныс тіршілігімен үндестірілсе, одан ортақ ел идеясы ұйысады, отаншылдық сезімі одан әрі дамиды. Өйткені, қазақ ұлты – мемлекет құрушы ұлт, төзімділігімен, кең пейілділігімен, тілдік бірлігімен, елдің іргетасын қалды. Сондықтан сенімділік, жеке белсенділік, төзімділік, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік көңіл күйлерді орнықтыратын, материалдарды жиі беріп тұру қажет... Қиынды атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол-бірлік. [6].

Сөзімді қорытындылай келе, Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады. Патриоттық тәрбие тұлға қалыптасуының құрамдас бөлігі болып табылады, ол жастардың алған білімдерінің негізінде азаматтық борыш ұстанымымен, жекебастық мүдделері қоғамдық ұстанымдармен астасып жататын тіршілік әрекеті үлгісіне даярлығын қамтамасыз етуі тиіс. Қазірде қазақ халқының дәстүрлері негізінде жүзеге асырылатын патриоттық тәрбие әлеуметтендіру процесін тұлғаға дәл осы Отанға, Атамекенге қызмет ету арқылы, өз тарихы үшін, өз Отанының әлеуметтік дүниенің ғылымына, мәдениетіне, рухани құндылықтарына қосатын үлесі үшін мақтаныш сезімі арқылы өз қабілеттерін мейлінше терең ашуға мүмкіндік беретін деңгейге жеткізеді.

Елбасының соңғы Жолдауында айтылуы тегін болмаса керек. Жолдаудың жетінші тармағында «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі» екені айтылып, Елбасы өз сөзінде: «Біздің бұл бағыттағы басты мақсатымыз қарапайым және түсінікті: біз қоғамдық келісімді сақтауға және нығайтуға тиіспіз. Бұл – біздің мемлекет ретінде, қоғам ретінде, ұлт ретінде өмір сүруіміздің айнымас шарты. Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі», – деп ерекше атап өтті

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. http://www.akorda.kz/kz/republic_of_kazakhstan/president
2. Қазақ совет энциклопедиясы, 1982
3. «Соғыс психологиясы» шығармасы. Бауыржан Момышұлы
4. Патриотическое сознание : сущность и формирование. Отв. Ред., В. И. Бойко, М. «Наука », 1985
5. Кенжалин Ж. Патриотизм парасат пен парыз пайымы. /Жұлдыз. 2005, 6
6. «Дағдарыстан дамуға» ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ел халқына жолдауы // Егемен Қазақстан, 2009 ж. 6 наурыз

УДК 37.014

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДИКИ ПРЕДМЕТНО-ЯЗЫКОВОГО ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ (CLIL) В УСЛОВИЯХ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

Уайханова Меруерт Асетовна

mira.p2011@mail.ru

Докторант по специальности «Педагогика и психология» ПГУ им. С. Торайгырова,
Павлодар, Казахстан
Научный руководитель – Н. Ушакова

Модернизация общественного сознания в контексте реализации программной статьи Главы государства Н. А. Назарбаева «Рухани Жаңғыру» предполагает модернизацию казахстанского образования, что в свою очередь может быть осуществлено за счет перехода к трехязычному обучению, повышения компьютерной грамотности и формирования культурной открытости [1]. В связи с данной политикой государства изучение английского языка является одной из приоритетных задач в сфере образования в Республике Казахстан.

Система преподавания английского языка имеет очень разнообразный и богатый опыт. Но в то же время ничто не стоит на месте, как и лингводидактика. Во всем мире разрабатываются и создаются новые подходы и методы изучения английского языка. Одним из новейших, современных, актуальных и действенных методов преподавания английского языка является методика предметно-языкового интегрированного обучения CLIL. Название данной методики было придумано Дэвидом Маршем (Университет Ювяскюля, Финляндия) в 1994 году. Термин описывает обучающие методики, где предметы преподаются на иностранных языках. CLIL преследует две цели, а именно – изучение предмета посредством иностранного языка, и иностранного языка через преподаваемый предмет.

Так, один из основоположников методики CLIL, Д. Койл пишет, что призвание CLIL в том: «... чтобы улучшить систему образования. Чтобы создать необходимые условия, которые позволят обучающимся достичь соответствующего уровня академического знания по изучаемому предмету. Чтобы улучшить знания обучающихся и в родном языке и в целевом языке, придавая одинаковое значение каждому. Чтобы развить межкультурное понимание. Чтобы развить социальные и мыслительные способности» [2].